

Астана қаласы әкімдігінің  
№62 «Нұрсәуле» балабақшасы

Мектепке дейінгі ұйымның

Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған  
«Консультациялық пункттің» 2024-2025

№2 хаттамасы

**Өткізілген күні: 8.01.2025**

**Қатысқандар:**

Төраға : Меңгеруші А.З.Касенова

Балабақша әдіскері: Г.Т.Каирбекова

Тәрбиеленушілердің ата –аналары: 42 адам

Балабақша педагог-психологы: А.М.Ермаганбетова

Балабақшамызда ашылған «Консультативтік пункт» жұмысы туралы ата-аналарға анықтама, жұмыстың жүру барысы, атқарылатын қызметтер туралы мағлұмат.

Біздің балабақшамызда 03.01.2024ж бастап «Консультациялық пункт» жұмыс жасайды. 2 жастан 6 жасқа дейінгі мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасылар үшін біздің балабақшада консультациялық пункт ашылды. Мектепке дейінгі ұйымның консультациялық пунктінде балабақша мамандары мен педагогтарынан балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқытудың түрлі мәселелері бойынша кеңес алуға болады: әдіскер, педагог-психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушылары, медицина қызметкері.

Қазіргі таңда мамандар балабақшамызда ата-аналарды белгіленген кесте бойынша қабылдай отырып, қойылған сұрақтар бойынша бойынша оң шешім табуға тырысып жұмыс жасайды.

Консультацияны мәселенің мазмұнына қарай бір немесе бірнеше маман бір уақытта жүргізеді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдіскер Г.Т.Каирбекова ата-аналарды 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі білім берудің негізгі білі беру бағдарламасының мазмұнымен таныстырды.

Сондай –ақ баяндамашы балалармен тәрбие жұмысының ерекшеліктері мен күннің жаңа режимдері, мәдени демалыс қызметі жайлы, жалпы

тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл бағыттары мен нысандары туралы айтып берді.

**Сөз сөйлегендер:**

Тупенова Балгын, балабақша тәрбиеленушінің анасы: «Ата –аналарға балаларды оқыту үшін қандай дидактикалық материалдар, кітаптар өз тарапымыздан сатып алу кереміз бе?» деп сұрақ қойды.

Меңгеруші А.З.Касенова балабақша оқу-әдістемелік материалдармен толық қаптылғанын және ата-аналарға ештеңе сатып алудың қажеті жоқ екенін түсіндірді. Ата-аналардың көмегі іс-шараларды, акцияларды ұйымдастыруда және өткізуде пайда болуы мүмкін деді.

Төраға : А.З.Касенова



Әдіскер: Г.Т.Каирбекова



Хатшы : Л.Г.Аралбаева

